

Г.Б. Асетова*, М.Т. Акимжанова

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(E-mail: akimzhanova.marzhan@mail.ru, Scopus Author ID: 57204332730, gulnur_asetova@mail.ru)

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының азаматтық заңнамасындағы кейбір заңдық терминдеріне салыстырмалы талдау

Мақалада Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының азаматтық-құқықтық нормативтік актілеріндегі кейбір заң терминдерінің қолданылу ерекшеліктеріне салыстырмалы-құқықтық талдау берілген. Қарастырылып отырған мәселенің өзектілігін анықтау аспектісінде авторлар құқықтық терминологияны ретке келтіру, оның функционалды мәселелерін шешу құқықтық ұғымдарды терең ғылыми дамытусыз, олардың логикалық талдауы мен дәл анықтамасынсыз мүмкін емес деген маңызды қорытынды жасаған. Егер құқықтық ұғымдар жеткілікті түрде айқын анықталмаса, дәл, жетілдірілген терминология туралы айту мүмкін емес. Ең алдымен, азаматтық-құқықтық нормалар мен актілерде заң терминологиясын дамыту процесінде белгілі бір заңдылықтар анықталды, бұл Қазақстан Республикасының отандық азаматтық құқығын қалыптастыру процесінде заң тілін қалыптастырудың тұтас көрінісін жасау үшін негіз бола алады. Зерттеудің мақсаты Өзбекстан Республикасының нормашығармашылық қызметінің тәжірибесін зерделеу және Қазақстан Республикасындағы заңнаманың сапасын арттыруға бағытталған ұсынымдарды әзірлеу болып табылады. Авторлар жасалған тұжырымдарға, оның ішінде заңдағы категориялар, ұғымдар мен терминдер үшін терминологиялық біріздендірудің қажеттілігіне назар аударды, өйткені олардың пікірінше, бұл нормативтік материалды ұсынуға сенімділік пен айкындыққа әкеледі және заң шығарушының құқықтық нормаға енгізген мағынасын бұрмаламайды. Мақалада ғылыми танымның жалпы әдістері: синтез, талдау, индукция, шегеру, салыстырмалы құқықтық, жүйелік, логикалық әдістер пайдаланылған.

Кілт сөздер: нормашығармашылық қызмет, заң техникасы, азаматтық заңнама, нормативтік акт, Қазақстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы, құқықтық сараптама, лингвистикалық сараптама, заң, термин, терминологиялық сөздік.

Kipicne

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы өзінің дамуында жаңа қайта өрлеу кезеңіне өтуде, қазақстандық мемлекеттілік көп жылдық тәжірибенің негізінде қайта құрылымдалуда және әділетті азаматтық қоғамды қалыптастыру әрі дамыту жолында әлеуметтік-саяси, құқықтық, экономикалық және рухани салаларда кең ауқымды реформалар жүргізілуде.

Ұлттың маңызды рухани құндылықтарының бірі — оның ұлттық тілі болып табылатындығы баршамызға мәлім. Сондықтан кейінгі жылдары біздің мемлекетімізде ұлттық тілімізді сақтау мен дамыту үшін көптеген қадамдар жасалуда.

Осыған байланысты ұлттық заңдық тіл мен заңдық терминдер мемлекеттік және қоғамдық құрылысты кемелдендіруде, заңның үстемдігін қамтамасыз ету мен соттық-құқықтық жүйені әрі қарай реформалауда, нормативтік-құқықтық актілердің жобасын сапалы жасауда, азаматтардың құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасының деңгейін көтеруде маңызды рөлге ие.

Осыдан келе, тәуелсіздік жылдары заңгер мен тіл мамандары құқық саласы бойынша бір қатар түсіндірме және аударма сөздіктер қалыптастырған. Дегенмен, тәжірибеде біздің заңдық терминдерді реттеу саласында мәселелер туындайды. Көбінесе, бір құқықтық түсінік нормативтік-құқықтық актілерде және өзге де құқықтық актілерде әр түрлі нысандарда беріледі.

Заңдық терминдерді әр түрлі нысандарда қолдану заңдық тәжірибеде жағымсыз жағдайларға әкеледі, себебі бұндай заңдық терминдер айрықша мағыналық мазмұнға ие, ал олар заңдық мәтінде берілгенде, әр түрлі мағыналарды бере отырып, сөз мағынасының мазмұны одан да күштірек болады. Бұл мамандардың да, азаматтардың да әр түрлі түсінуіне және талдауына әкеледі, және де тәжірибеде олардың жүзеге асырылу процесінде кері әсерлер тудырады. Заңдық тілде бұған мүлде жол жоқ. Себебі заңдық құжаттар анық және нақты болу керек. Оқырман заңгердің ойындағы бір ғана

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: akimzhanova.marzhan@mail.ru

мағынаны түсінуі керек. Егер заң барлығына бірдей түсінікті болмаса, онда ол мемлекетте заң мен тәртіпті қамтамасыз етпейді. Сонымен қатар, кейбір заңдық терминдерді бұрмалау біздің азаматтарымыздың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің дамуына кері әсерін тигізеді анық. Осыған байланысты біздің заңгерлер мен тіл мамандарының алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі заңдық терминдерді реттеу (унификация және стандарттау) және соның негізінде мемлекетіміздің барлық құқықтық және соттық жүйесі үшін заңдық терминологияның бірыңғай платформасын әзірлеу болып табылады. Әр салада терминдерді ғылыми реттеу үздіксіз процесс. Терминологияда қағидалар мен нормаларды қатаң басшылыққа алу басты өлшем шарт болу керек. Осы орайда Өзбекстан Республикасы азаматтық заңнамасында қолданылатын бір қатар терминдердің мағынасы мен аудармасына салыстырмалы талдау жасау жұмыстың негізін қалыптастырады.

Зерттеудің мақсаты Өзбекстан Республикасының нормашығармашылық қызметінің тәжірибесін зерделеу және Қазақстан Республикасындағы заңнаманың сапасын арттыруға бағытталған ұсынымдарды әзірлеу болып табылады.

Әдістері мен материалдар

Зерттеу әдістері ретінде ғылыми-теориялық, нормативтік-құқықтық актілердегі, мемлекеттік бағдарламадағы құқықтық актілерді рәсімдеу тәсілдерінің, талаптары мен қағидаларының жиынтығына қатысты талдау, топтау, жалпылау, жүйелеу, салыстыру, индукция және дедукция қолданылды.

Зерттеу жүргізу материалдары ретінде «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V Қазақстан Республикасының Заңы; «Табиғи монополиялар туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 204-VI Қазақстан Республикасының Заңы; Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім), 1999 жылғы 1 шілдеде № 409–1 қабылданған; «Нормативтік-құқықтық актілер туралы» 2020 жылғы 24 қарашадағы Өзбекстан Республикасының Заңы; «Табиғи монополиялар туралы» Өзбекстан Республикасының 1999 жылғы 19 тамыздағы № 815-I Заңы пайдаланылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Тілдің басты артықшылығы оның анықтылығында. Әрбір ғылымның, білімнің әр саласының өзіндік терминологиясы бар, ол білім мен реттеу объектісінің сипаттамалары мен қасиеттерін көрсетеді. Тіпті жалпы сипаттағы жаңа нормативтік-құқықтық актілердің пайда болуы заңгер-ғалымдар мен тәжірибе қызметкерлерінің көптеген түсіндірмелерін тудыратыны таңқаларлық емес. Олар заңның қалай әрекет ететінін ғана емес, сонымен қатар белгілі бір терминнің қандай заңды мағынада қолданылатынын, құқықтық қатынас субъектілерінің қандай да бір құқықтары мен міндеттерін жекелеген заңдық нормаларда бекіте отырып, заң шығарушы нені меңзегендігін және жаңа норманың уақыт, кеңістік немесе адамдар арасындағы әрекетін қалай ұғыну керек екенін түсіндіреді. Тәжірибе заңнамалық ережелердің анықтығы мен айқындығы, олардың біркелкі мағыналық қабылдануы және дұрыс қолданылуы заңнаманың мемлекет пен қоғам өміріндегі нақты орны мен рөлін анықтайтын маңызды фактор екенін растайды.

Қоғамдық өмірдің кез келген саласы сияқты қоғамдық қатынастарды реттеу үшін заң шығарушымен арнайы әзірленген терминологиясыз құқықтануды елестету мүмкін емес. Әдетте арнайы құқықтық терминдер қысқа және салыстырмалы түрде заң ғылымында қолданылатын ұғымды білдіреді («талапкер», «айыппұл», «реституция» және т.б.). Алайда олардың саны аса көп емес, бірақ оғын қарамастан олар әр түрлі құқықтық құжаттарда жиі қолданылады. Олар арнайы ұғымдарды анықтау үшін және тек заң ғылымында қолданылады. Іскерлік құжаттар мен заңнамалық мәтіндерде мұндай арнайы құқықтық терминдер көп, олардың мағынасы тек лингвистикалық тұрғыдан түсіндіруге болмайды, мысалы, «заңды тұлға» термині. Шынында да, сөзбе-сөз мағынада «тұлға» сөзі кез келген ұйымға, қауымдастыққа емес, жеке тұлғаға қатысты айтылады. Алайда, мұндай терминдерді қолдану нақтыланған, өйткені оларды тәжірибелік қолдану тұрғысынан олар белгілі бір құқықтық ұғымдарды нақты анықтайтын артықшылықтарға ие. Оларды қолданудың ғасырлық дәстүрін есте ұстаған жөн.

Арнайы құқықтық және техникалық терминдер өте ыңғайлы: олар қажетті тұжырымдаманы нақты белгілейді, нормативтік ережелердің неғұрлым нақты көрсетілуіне ықпал етеді, осылайша оларды дұрыс түсінуге және қолдануға ықпал етеді. Басқаша айтқанда, олар ауызша ақпаратты мүмкіндігінше жинақтайды, заңнамалық ойды беру құралдарын үнемдейді. Осындай терминдердің

көмегімен заңды тұжырымдардың бірегейлігіне, семантикалық нақтылығына, толықтығына қол жеткізуге болады. Арнайы терминдерді кеңейтілген сипаттамалық өрнектермен ауыстыру мақсаттылы емес, себебі ол нормативтік актілердің, іскерлік құжаттардың ауқымдылығына әкеліп соқтыратындықтан, оларды қолдануды қиындатады.

Әрине, арнайы терминдерді құжаттарды шамадан тыс жүктеместен мағыналық және ақпараттық қажеттілік шегінде қолданған жөн. Заң терминдерінің тиімділігі заң шығарушының заң терминологиясына қатысты бірқатар ережелерді қалай орындайтынына байланысты болады.

Термин мына талаптарға сәйкес болу керек:

- 1) бірыңғай, яғни осы заңда немесе өзге де нормативтік актіде бір мағынада қолданылуы, бір жүйенің шегінде бір мәнді болуы;
- 2) жалпыға бірдей танылған, яғни терминді белгілі бір ерекше мағынада немесе заң шығарушымен белгілі бір жағдай үшін ғана қолдануға болмайды;
- 3) тұрақты, яғни терминнің мағынасы мен мәні мәтінге байланысты өзгермеуі керек;
- 4) осы жүйенің басқа терминдерімен логикалық байланыста болуы қажет;
- 5) кәсіби қолдану саласына байланысты болуы тиіс [1].

Қазақстан Республикасы және Өзбекстан Республикасының азаматтық заңнамаларында қолданылатын кейбір шет тілінен енген терминдердің әрекет етуші заңнамаларда қолданудың ерекшеліктерін анықтау бойынша зерттеуге тоқталайық. Өзбекстан Республикасының әрекет етуші заңнамасында шетелдік терминдер қолданылады, соның дәлелі ретінде «аукцион», «контракция», «монополия», «норма», «кассация», «банкрот», «акция», «алимент» терминдеріне берілген түсініктерді қарастырайық. 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 406-бабының 5-тармақшасына сәйкес: «Сатып алу-сату шарттарының жекелеген түрлеріне (бөлшек саудамен сатып алу-сату, тауарлар жеткізілімі, энергиямен жабдықтау, **контракция**, кәсіпорынды сату), егер осы Кодекстің ережелерінде бұл түрлердің шарттары туралы өзгеше көзделмесе, осы параграфта көзделген ережелер қолданылады» деп бекітілген [2]. Өзбекстан Республикасының заңнамасы бойынша: «**Контракция** [kontraktatsiya] — ауыл шаруашылық өнімдерін өндірумен және сатумен байланысты шарттық міндеттемелер» [3: 67].

«Табиғи монополиялар туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 204-VI Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 18-тармақшасына сәйкес: «Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің белгілі бір түрін өндіру мен ұсынудың технологиялық ерекшеліктеріне байланысты тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің осы түріне сұранысты қанағаттандыру үшін бәсекелестік жағдайлар жасау мүмкін болмайтын немесе экономикалық жағынан тиімсіз болатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығының жай-күйі **табиғи монополия** болып табылады», — деп бекітілген [4]. Ал, өзбекстандық заңдық терминологиясы «**Табиғи монополия** [monopoliya] — технологиялық ерекшеліктеріне байланысты тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) — (бұдан әрі — тауарлар) белгілі бір түріне сұранысты қанағаттандыруға бәсекелестік жағдайлар жасау мүмкін болмайтын немесе экономикалық тұрғыдан орынсыз тауар нарығының жай-күйі» деп анықталғанын көреміз [5].

Сондай-ақ, «құқық нормасы» термині «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының әрекет етуші заңнамасымен келесідей анықталған: «Құқық нормасы — реттелетін қоғамдық қатынастар шеңберінде көп мәрте қолдануға арналған, жеке-дара айқындалмаған тұлғалар тобына қолданылатын, тұрақты немесе уақытша сипаттағы жалпыға міндетті мінез-құлық қағидасы» [6]. Өзбекстан Республикасының заңнамасы бойынша құқық нормасы [Хуқуқий норма] — бұл реттелетін құқықтық қатынастар аясында жеке-дара анықталмаған тұлғалар тобына қолданылатын мемлекеттік ұстаным [7].

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының азаматтық заңнамаларында қолданылатын ұқсас терминдерінің бірі — «банкрот». «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «банкрот» — заңды күшіне енген сот шешімімен дәрменсіздігі белгіленген борышкер деп анықталады [8], өзбекстандық заңнама бойынша «банкрот» — [bankrot] термині осы күйінде қолданылатындығын айқындайды [3: 16].

«Аукцион», «кассация», «акция», «алимент» сияқты терминдер ұлттық заңнамада және Өзбекстан Республикасының заңнамасында осындай мағынада және сипатта қолданылатындығына жүргізілген зерттеулермен талдау жұмыстары арқылы көз жеткізе аламыз.

Бідің пайымдауымызша, қазақстандық және өзбекстандық азаматтық заңнамаларда шет тілінен енгізілген терминдерді дәлме-дәл қолданудың себептері мынадай:

– Заңдық терминологияның халықаралықтандырылуы, ол біздің мемлекетіміздің әлемдік қауымдастыққа енуі, оның ішінде мемлекеттер арасында сауда-саттық айналымын дамытумен түсіндіріледі;

– Ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктері мен өнертабыстылығы;

– Ғылыми-құқықтық ой-өрістің белсенді дамуы;

– Әр түрлі салалардағы белсенді ынтымақтастыққа байланысты отандық құқық нормаларының халықаралық құқық нормаларына сәйкестендіру қажеттілігі.

Сонымен қатар, жүргізілген талдаулардың негізінде келесідей ой-пікірлер қалыптастыруға болады:

– Шет тілінен енгізілген және өзіндік заңдық терминдердің ақылға қонымды сәйкестік қағидасына негізделген кез келген нормативті-құқықтық актіде тепе-теңдікті сақтау қажеттілігі;

– Әрбір енгізілетін шетелдік терминнің, ұғымға беретін мағынасына сәйкес келуін ескере отырып, тәжірибелік мәніне ерекше назар аудару және отандық заңдық тілге жат әрі терминологиялық жүйені бұзатын терминдерді алып тастау;

– Халық үшін түсініктірек болатын ұқсас отандық терминдерді қолдану;

– Аудармадағы қателіктер мен дәлсіздіктерді болдырмау үшін термин алынған құқықтық жүйенің ерекшелігін ескеру;

– Шетелден енгізілген заң терминдерін қолдану екі елдің азаматтық заңнамасының терминологиялық бірлігінің жалпы тұжырымдамасына қайшы келуіне жол бермеу.

Шетелден енгізілген терминдер әртүрлі дәрежеде құқықтық құжаттардың барлық түрлерінде кездеседі және келесі функцияларды орындайды:

– тілдік құралдарды үнемдеуге ықпал етеді;

– заңды мәтінді ұсыну стилін жеңілдетеді;

– қате түсіндіруден немесе түсініксіздіктен аулақ болуға мүмкіндік береді;

– мәтіннің стилистикалық бірлігін және оны түсіндірудің бірегейлігін қамтамасыз етеді.

Демек, шетел тілінен енгізілген терминдер шет тілінде қолданылған нысанда дәл-дәл қолданылуын көреміз. Осындай жалпымен қабылданған шетелдік терминология оның әмбебаптығы мен қарапайымдылығына байланысты кеңінен қолданылады деп айтуға болады

Аталған заңдық терминдерді аудармай, мағынасына сәйкес қолданудың өзіндік ерекшеліктері бар. Заңнамада терминдерді қолданудың нақтылығы заңшығарушының ерік білдіруінің дәлдігімен байланысты болады, демек ол заңның тиімділігі мен оның қоғамдағы маңыздылығына да байланысты.

Қорытынды

Қорыта келе, біздің ойымызша, құқықтық актілер үшін заңнамалық ресми мәнері қолданылуы тиіс. Заң тілінің дәлдігін қамтамасыз ету үшін тіл стандарттары қажет. Заңды тілмен айтқанда, мәлімдемелердің логикалық құрылымын басшылыққа алу керек. Заң тіл қысқа, дәлме-дәл және түсінікті болуы керек.

Заңнамадағы санаттар, ұғымдар мен терминдер үшін терминологиялық біріздендіру өте маңызды, бұл нормативтік материалдарды қалыптастыруда анықтылық пен нақтылыққа әкеледі және заң шығарушымен құқықтық нормаға енгізілген мағынасын бұрмаламайды.

Аталмыш процесс келесі қағидалардың негізінде қалыптасады:

– бір мағыналық, яғни ұғымды немесе терминді заңды тілде бір мағынада қолдану;

– жалпыға бірдей тану, бұл заң шығарушымен кезекті құқықтық акті үшін белгілі ұғымдар мен терминдерді қолдану қажеттілігін білдіреді;

– тұрақтылық, негізсіз жаңалықтарға қарсы тұруын көрсететін заңдық терминологияның беріктігі;

– қолжетімділік, заңдық құқықтық жағдайдың мәніне ұғыммен терминнің қарапайымдылығы мен сәйкестігіне әкелетіндігі.

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (Грант N AP09259787).

Әдебиеттер тізімі

- 1 Хижняк С.П. Юридическая терминология: формирование и состав / С.П. Хижняк. — Саратов: Изд-во Сарат. гос. ун-та, 1997. — 136 с.
- 2 Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (Ерекше бөлім). 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409 Заңы (2022.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409>
- 3 Mahmudov N.M. Yuridik Terminlarning Rusha-O'zbekcha Lug'ati / N.M. Mahmudov, Sh.N. Kochimov, N.E. Sharipova. — Toshkent, 2021. — 208 b.
- 4 «Табиғи монополиялар туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 204-VI Қазақстан Республикасының Заңы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000204>
- 5 Закон Республики Узбекистан «О естественных монополиях» от 19 августа 1999 г. № 815-I [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://lex.uz/acts/79387>
- 6 «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылдың 6 сәуірдегі Заңы (өзгерістермен және толықтырулармен) [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480>
- 7 Закон Республики Узбекистан «О нормативно-правовых актах» от 24 ноября 2020 г. Одобрен Сенатом 18 декабря 2020 года [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://lex.uz/ru/docs/5378968>
- 8 «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V Қазақстан Республикасының Заңы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000176>

Г.Б. Асегова, М.Т. Акимжанова

Сравнительный анализ некоторых юридических терминов в гражданском законодательстве Республики Казахстан и Республики Узбекистан

В статье представлен сравнительно-правовой анализ особенностей применения некоторых юридических терминов в гражданско-правовых нормативных актах Республики Казахстан и Республики Узбекистан. В аспекте определения актуальности рассматриваемого вопроса авторами сделан важный вывод о том, что упорядочение правовой терминологии, решение ее функциональных проблем невозможно без достаточно глубокой научной разработки юридических понятий, их логического анализа и точного определения. Если юридические понятия определены недостаточно ясно, о точной, совершенной терминологии не может быть и речи. Прежде всего, выявлены определенные закономерности в процессе развития юридической терминологии в гражданско-правовых нормах и актах, что может служить основой для создания целостной картины формирования юридического языка в процессе становления отечественного гражданского права Республики Казахстан. Целью данного исследования является изучение опыта нормотворческой деятельности Республики Узбекистан и разработке рекомендаций, направленных на повышение качества законодательства в Республике Казахстан. Авторы в сделанных выводах акцентировали внимание на необходимости терминологической унификации для категорий, понятий и терминов в праве, поскольку это, по их мнению, приведет к определенности и четкости в изложении нормативного материала и не будет искажать смысла, заложенного в юридическую норму законодателем. При написании статьи авторами использовались общие методы научного познания: синтез, анализ, индукция, дедукция, кроме того, были применены сравнительно-правовой, системный, логический методы.

Ключевые слова: нормотворческая деятельность, юридическая техника, гражданское законодательство, нормативный акт, Республика Казахстан, Республика Узбекистан, правовая экспертиза, лингвистическая экспертиза, закон, термин, терминологический словарь, Гражданский кодекс.

G.B. Assetova, M.T. Akimzhanova

Comparative analysis of some legal terms in the civil legislation of the Republic of Kazakhstan and the Republic of Uzbekistan

The article presents a comparative legal analysis of the features of the use of some legal terms in the civil legal regulations of the Republic of Kazakhstan and the Republic of Uzbekistan. Regarding the relevance of the studied issue, the authors conclude that the ordering of legal terminology, as well as the resolution of its functional problems, is impossible without a deep scientific development of legal concepts, their logical analysis, and the establishment of an accurate definition. There is no consistent, improved terminology without clear, distinct legal concepts' definitions. The authors of the article identify certain patterns in the

development of legal terminology in civil law norms and acts. This can become the basis for the formation of a holistic picture of the creation of a legal language in the process of formation of the domestic civil law of the Republic of Kazakhstan. The purpose of this paper is to study the experience of the normative activity of the Republic of Uzbekistan and to develop recommendations aimed at improving the quality of legislation in the Republic of Kazakhstan. In conclusion, the authors emphasize the need for terminological unification of categories, concepts, and terms in law. This, in their opinion, will lead to certainty and clarity in the presentation of normative material and will not distort the meaning that is laid down in the legal norm by the legislator. During this study, the authors used such general methods of scientific cognition as synthesis, analysis, induction, deduction and comparative-legal, systemic, logical methods.

Keywords: normative activity, legal technique, civil legislation, normative act, Republic of Kazakhstan, Republic of Uzbekistan, legal expertise, linguistic expertise, law, term, terminological dictionary.

References

- 1 Hizhniak, S.P. (1997). Yuridicheskaia terminologiya: formirovaniye i sostav [Legal terminology: formation and composition]. Saratov: Izdatelstvo Saratovskogo gosudarstvennogo universiteta [in Russian].
- 2 Qazaqstan Respublikasynyn Azamattyq Kodeksi (Erekshe bolim). 1999 zhylgy 1 shildedegi No. 409 Zany (2022.01.01. berilgen ozgerister men tolyqtyrularmen) [Civil Code of the Republic of Kazakhstan (special part) of July 1, 1999 N 409] (as amended and supplemented on January 1, 2022). *online.zakon.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409> [in Kazakh].
- 3 Mahmudov, N.M., Kochimov, Sh.N., & Sharipova, N.E. (2021). Yuridik Terminlarning Rusha-O'zbekcha Lug'ati. Toshkent.
- 4 «Tabigi monopoliialar turaly» 2018 zhylgy 27 zheltoqsandagy No. 204-VI Qazaqstan Respublikasynyn Zany [Law of the Republic of Kazakhstan of December 27, 2018 N 204-VI "On natural monopolies"]. (n.d). *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000204> [in Kazakh].
- 5 Zakon Respubliki Uzbekistan «O yestestvennykh monopoliiax» ot 19 avgusta 1999 goda. No. 815-I [Law of the Republic of Uzbekistan "On Natural Monopolies" of August 19, 1999 N 815-I.]. (n.d). *online.zakon.kz*. Retrieved from <https://lex.uz/acts/79387> [in Russian].
- 6 «Quqyqytq aktler turaly» Qazaqstan Respublikasynyn 2016 zhyldyn 6 sauirdegi Zany (ozgeristermen zhane tolyqtyrularmen) [Law of the Republic of Kazakhstan of April 6, 2016 "On legal acts"]. (n.d). *adilet.zan.kz*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480> [in Kazakh].
- 7 Zakon Respubliki Uzbekistan «O normativno-pravovykh aktakh» ot 24 noiabria 2020 goda [Law of the Republic of Uzbekistan "On normative legal Acts" of November 24, 2020] (n.d). *online.lex.uz*. Retrieved from <https://lex.uz/ru/docs/5378968> [in Russian].
- 8 «Onaltu zhane bankrottyq turaly» Qazaqstan Respublikasynyn Zany 2014 zhylgy 7 nauryzdagy No. 176-V Qazaqstan Respublikasynyn Zany [Law of the Republic of Kazakhstan "On rehabilitation and Bankruptcy" of March 7, 2014 N 176-V.]. (n.d). *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000176> [in Kazakh].